

«Дана» бөбекжай балабақшасы



**Бекітемін.
Менгерушісі Ж.Арынбаева**

Вариативтік компонент

«Сурет салу»

Ересек «Күншуақ» тобы

Тәрбиеші : Г.Сабырқұлова

М.Коспанова

2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, шығармашылық дағдыларды ,эстетикалық талғамды дамыту және қалыптастыру

№	Айы	Тақырыптар	Сағат саны
1	Қыркүйек	1.«Пирамида»	1
		2. «Отбасы мүшелерінің заттары»	1
		3. «Шөже».	1
		4. «Доп».	1
2	Қазан	1.«Күзгі ағаштар»	1
		2.«Мысық»	1
		3.«Көліктер»	1
		4.«Батон»	1
3	Қараша	1.«Күз бейнесі»	1
		2.«Құс»	1
		3.«Кітап»	1
		4.«Ақшақар»	1
		5. «Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз»	1
4	Желтоқсан	1. «Әсем көйлек»	1
		2. «Орындық»	1
		3. «Шырша»	1
		4. «Қазақстан туы».	1
5	Қаңтар	1.Қар кесегі».	1
		2.«Балапан»	1
		3.«Шырша».	1
6	Ақпан	1. «Үлкен кіші шарлар».	1
		2. «Телефон».	1
		3. «Шана».	1
		4. «Қалпақты сәндеу»	1
7	Наурыз	1. «Көктемгі бақ».	1
		2. «Наурыз дастарханы»	1
		3. «Әдемі көйлек».	1
8	Сәуір	1. Жеміс артқан машина»	1
		2. «Тасбақа».	1
		3. Көктемгі табиғат».	1
		4. «Әжеме сиға тартқан орамал».	1
9	Мамыр	1.«Сәнді табақ».	1
		2. Орамалды безендіру	1
		3. «Тауық балапандарымен».	1
		4. «Ертегідегі әтеш»	1
		5 «Елімнің туы»	1
	Барлығы		36

Вариативтік компонент:

Күні: 07.09.2021жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Пирамида»

Мақсаты: Балаларға сопақ пішіндерден түстері әртүрлі пирамида суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Сурет, пирамида ойыншықтар.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балалар біздің тобымызда қандай ойыншықтар бар?

Осы ойыншықтардың бірі пирамиданың суретін саламыз. Үлгі суретті көрсету. пирамиданың пішіні қандай?-Үшбұрышты. Түстері ше?-түстері әртүрлі. Білімдерін пысықтау арқылы жұмыс бастауларына рұқсат ету.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ойыншық атауларын.

Игереді: Сурет салу тәсілдерін.

Меңгереді: Бояуды.

Вариативтік компонент:

Күні: 14.09.2021жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Отбасы мүшелерінің заттары»

Мақсаты: Балаларға отбасы мүшелерінің заттарын естеріне түсіріп сол заттардың суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі. Ыдыстар суреті.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Суретке қарап ыдыстардың атауларын атап беру не үшін қолданатынын айтып беру. Осы ыдыстардың ішіндегі кесенің суретін саламыз. Салу тәсілдерін көрсету.

Білімдерін пысықтау үшін сұрақтар қою. Сұрақтарға жауап алу арқылы сурет салуды бастау. Сурет салу барысында қиналған балаларға көмектесіп көрмету. Балалар сопақ , домалақ пішіндерді пайдаланып кесе суретін салады.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау салған суреттерін көрмеге іліп қою.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ыдыс атауларын.

Игереді: Сурет салу тәсілдерін

Меңгереді: Кесені өрнектеуді.

Вариативтік компонент:

Күні: 21.09.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Шөже».

Мақсаты: Балаларға құстар жайлы түсінік беріп шөже суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Үй құстарының суреттері.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Шөжелерім әні.

Өлең не туралы?-Шөже туралы.

-Шөженің түсі қандай? Шөженің түсі сары.

Балалар сары түсті бояумен дөңгелек, сопақша, үш бұрыш пішіндерден шөженің суретін саламыз. Шөже суретін үлгіге қарап саламыз.

Қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Құстардың атауын.

Игереді: Сурет салу тәсілдерін.

Меңгереді: Шөже суретін салуды.

Вариативтік компонент:

Күні: 28.09.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Доп».

Мақсаты: Балаларға шеңбер пішінің пайдаланып доптын суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Ойын: «Сиқырлы доп» Берілген сұрақтарға толық жауап береді.

Балаларға қандай заттың пішіні домалақ болатының және жемістердің пішіні домалақ болатының және жемістердің пішінің естеріне түсіріп. Доптың пішіні қандай болатының сұрау.

Доптың пішіні домалақ.

Түстері әртүрлі. Өздеріне ұнаған түсті таңдап алып доптың суретін салады. Қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Қорытынды: Жақсы сурет салған балаларды мақтап мадақтау. Достарының жұмысына баға береді

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Пішіні домалақ заттарды.

Игереді: Домалақ пішінді салуды.

Меңгереді: Сурет салу тәсілдерін.

Вариативтік компонент:

Күні: 05.10.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Күзгі ағаштар»

Мақсаты: Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетіне бейнелеуге үйрету.

Көрнекілігі: Күзгі ағаш бейнеленген сурет.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

«Күзім-ау өлеңін айтып беру.

Өлең қай мезгіл туралы?- Күз мезгілі туралы. Ағаштарда жапырақтар сарғайып жерге түседі. Балаларға күзгі ағаштарды салып оның бұтақтарының жоғары төмен орналасуын көрсетіп жапырақтарының сары түске боялып жерге түсетінің сурет салу арқылы көрсету.

Өз беттерінше жұмыс жасайды. Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Күз мезгілінің ерекшеліктерін.

Игереді: Күзгі ағаш суретін салуды.

Меңгереді: Сурет салу әдістерін.

Вариативтік компонент:

Күні: 12.10.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Мысық»

Мақсаты: Мысықтың суретін геометриялық пішіндер арқылы салу дене бөлшектерін ретімен сызу жолдарын үйрету.

Көрнекілігі: Мысықтың суреті, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Мысық жайлы өлең оқып беру балалар мұқият тыңдайды. Балалар біз мысықтың суретін салуды жалғастырамыз. Сурет салу барысында үш бұрыш пен дөңгелек пішіндерді пайдалана отырып мысық суретін қайта салып көрсету.

Балалар суретке қарап мысық суретін салады.

Қорытынды: Суретті жақсы салған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Мысық туралы.

Игереді: Үш бұрыш дөңгелек пішіндерін салуды.

Меңгереді: Сурет салу әдістерін.

Вариативтік компонент:

Күні: 19.10.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Көліктер»

Мақсаты: Балаларға өздеріне ұнаған көлік түрлерінің суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Көліктердің суреттері, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Ойын: Автомобиль мен торғайлар.

Балаларға көлік суреттерін көрсетіп жүк таситын көліктің суретін саламыз деп әдісін көрсетеміз. Жұмыс барысында қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Қорытынды: Балалардың жұмысына талдау жасап мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көлік түрлерін.

Игереді: Көлік суретін салуды.

Меңгереді: Сурет салу әдістерін.

Вариативтік компонент:

Күні: 26.10.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Батон».

Мақсаты: Балаларға нанның бір түрі батон суретін сопақ пішін арқылы салуға үйрету.

Көрнекілігі: Түрлі нан суреттері. Үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Нан туралы өлең.

Балаларға нанның бір түрі батон суретін саламыз. Сопақ пішінді пайдаланып салуларын айтып түсіндіру.

-Батонның пішіні қандай екен?- батонның пішіні сопақ.

-Түсі қандай? – Түсі қызыл сары.

Білімдерін пысықтау арқылы сурет салуға рұхсат ету. нан көрмесін ұйымдастыру.

Қорытынды: балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Нан түрлерін.

Игереді: Сопақ пішінді салуды.

Меңгереді: Сурет салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 02.11.2021жыл

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Күз бейнесі».

Мақсаты: Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қыл қаламның ұшын басып жағу тәсілін салуды жалғастыру.

Көрнекілігі: Үлгі жұмыс. Суреттер.

Күз өлеңім балалар бірге айтады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балалардың ойына күз мезгілі ерекшеліктерін естеріне түсіріп түзу, қисық сызықтар арқылы ағаш: қыл қаламды қатып алу арқылы жапырақтарының суретін салуға үйрету.

Балалар қызыл, сары түстерді пайдаланып күз бейнесін салады.

Күтілетін нәтиже.

Біледі: Күз ерекшеліктерін.

Игерді: Сурет салу технологиясы.

Меңгерді: Күз бейнесін салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 09.11.2021жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Құс».

Мақсаты: Балаларға дала құстарының бірі өздеріне таныс қарға суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Құс суреттері үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Суретке қарап кім дала құстарын атап береді? Осы дала құстарының бірі қарға суретін саламыз. Сопак, домалақ, үш бұрыштарды пайдаланып салу тәсілдерін көрсетіп үйрету.

Балалар пішіндерді пайдалана отырып қарғаның суретін салады.

Қорытынды: Балалардың салған суреттерін пайдаланып құстар көрмесін

ұйымдастырылады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Дала құстарын.

Игерді: Сурет салу тәсілдерін.

Меңгерді: Қарға суретін салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 16.11.2021жыл

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: Кітап

Мықсаты: Балалардың қызыл кітап жайлы түсініктерін пысықтау сол қызыл кітап суретін салуға үйрету.

Көркенілігі: Кітаптар. Үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балалардың қызыл кітап жайлы білімін пысықтап сол кітап суретін салуын көрсету.

Кітаптың пішіні қандай?

Кітаптың пішіні тік төртбұрыш.

Қызыл кітапта не жазылған не тұралы?

Жайылып бара жатқан аң, құстар өсімдіктер.

Қортынды: Балалардың суреттерімен көркей ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қызыл кітап туралы

Игерлі: Сурет салу тәсілдерін

Меңгерді: Қызыл кітап суретін салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 23.11.2021жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Ақшақар».

Мақсаты: Балаларға саусақпен жапалақтап жауып тұрған қар суретін саусақ арқылы салуға үйрету.

Көрнекілігі: Қыс мезгілі бейнелеген сурет. Үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Жұмбақ. Қыста ғана болады.

Ұстасан қолын тоңады.

Ол не балалар?

Қар.

-Қар қай мезгілде жауады? – Қар қыс мезгілінде жауады.

-Қар қандай? - Қар аппақ, ұлпа, мамық, мұздай.

-Қар жауып тұрғанда аспан қандай түсте болады? – Аспан түсі көгілдір болады.

Алдымыздағы көк қағазға саусақ ұшын ақ түсті бояуға малып алып жауып тұрған қар суретін нүктелер қою арқылы суретін саламыз.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қыс ерекшелігін

Игерді: Сурет салу әдісін.

Меңгерді: Саусақпен сурет салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 30.11.2021 жыл.

Білім саласы: «Шығармашылық» білім беру саласы

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз.

Мақсаты:

- а) қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;
- ә) саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту;
- б) сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: қуыршақ Айсұлу, оның әдемі көйлек үлгісі, әр балаға бір-бірден көйлек үлгілері, түрлі бояулар, қол сүрткіштер, су.

Сөздік жұмыс: көйлек.

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Айсұлуға арнап көйлектерді әдемі етіп безендіріп берейік. Алдарындағы көйлек үлгілерін өздеріңе ұнаған түстерге бояйсындар. Ол үшін саусақтарыңды сол түске батырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектер салу арқылы безендіресіндер. Дөңгелек салудың неше түрі бар екенін естеріңе түсіріп көріндер. Педагог көйлекке дөңгелектерді салу жолдарын көрсетеді. Үлкен домалақтарды саусақпен, кіші домалақтарды қылқаламмен салуға кеңес береді. Балалардың қабілетіне қарай дөңгелектерді қылқаламмен салып шығуды ұсынуға да болады. Балалардың түсті дұрыс таңдауына бағыт береді және қандай түс таңдағанын сұрай отырып бояуды ұсынады. Жұмыс барысында ұқыпты жұмыс жасауларын қадағалайды. Педагог балалардан көйлектерін қандай түспен безендіргені жайлы сұрайды. Неге дәл сол түсті таңдағаны туралы, осы түсте басқа да қандай заттар болатынын сұрап көруге болады. Көйлекті безендіріп болған соң балалар көйлектерін қуыршақ Айсұлуға сыйлайды.

Қортынды: Педагог Айсұлудың атынан балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: саусақпен және қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдысын.

Игереді: көйлектердің пішіні, өрнектердің әртүрлі болатындығын.

Меңгереді: саусақ және қылқаламды алмастыра отырып көйлекті безендіруді.

Вариативтік компонент

Күні: 07.12.2021 жыл

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Әсем көйлек»

Мақсаты: Көйлекті бояу түстерін үйлестіруді үйрету.

Көрнекілік: Суреттер үлгі жұмысы

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Қонаққа қуыршақ келді. Сәлемдесуді

Балалар қуыршақ әдемі көйлек салып беруді. Көйлекті әсемдеп етегіне арнап салып берейік. Әсемдеп етегіне өрнек салып берейік домалақ, ирек сызықтар саламыз.

Қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Сергіту сәті.

Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды. Қуыршаққа сиға береміз.

Қорытынды: Жақсы салған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже.

Біледі: Қуыршақтың өтінішін орындайды.

Игерді: Көйлекті өрнектейді.

Меңгерді: Түстерді үйлестіріп бояуды

Вариативтік компонент

Күні: 14.12.2021 жыл

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Орындық»

Мақсаты: Балаларға ұзын түзу қысқа сызықтар арқылы суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Жиһаздар суреті үлгі жұмыс

Ұйымдастырылған оқу қызметі

Ойы: «Не артық»? Артық жиһаз емес затты табады.

Енді осы жиһаздардың ішінен орындық суретін саламыз.

Орындық суретін салып көрсету.

Жұмыс барысында қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Балалар жұмысынан көрме ұйымдастырылды.

Қортынды: Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жиһаз түрлері мен пайдасы жайлы.

Игерді: Сурет салу әдіс тәсілдері.

Меңгерді: Орындық суретін салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 21.12.2021жыл

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Шырша»

Мақсаты: Балаларға пішіні бірдей көлемі әртүрлі үшбұрыштан шырша суретін салуға үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Тікен тікен тік пісті

Қысы жазы бір түсті. **Шырша.**

Шыршаның пішіні қандай?- Шыршаның пішіні үшбұрышты.

Шыршаның түі қандай? – Шыршаның түсі жасыл.

Жасыл түсті пайдаланып шырша суретін саламыз деп көрсету.

Шырша көрмесі ұйымдастырылады.

Қорытынды: балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Шырша туралы.

Игереді: Үш бұрыш салуды.

Меңгереді: Шыршаны бояуды.

Вариативтік компонент

Күні: 28.12.2021жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Қазақстан туы».

Мақсаты: Бояу мен түстерді тану және ажырата білу.

Көрнекілігі: Рәміздер суреті, үлгі жұмыс, ақ қағаз бояу.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Қазақстан еліміздің рәміздерін атау және әңгімелеп беру.

Суретке қарап сипаттау Елтаңбада не бейнеленгенің суретке қарап әңгімелеу. Қазақстан туының түсін пішінін таныстырып алдарындағы туды көк түспен бояуды ұсыну.

Балалардың жұмысын көрме ұйымдастырып бір-бірін бағалау.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Рәміздерді.

Игереді: Бояуды.

Меңгереді: Тудың биікке іліп қоятының.

Вариативтік компонент

Күні: 11.01.2021 жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Қар кесегі».

Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекше өзгерістерімен таныстыруды жалғастыра отырып оны бейнелеуге саусақпен салуға үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Жұмбақ.

Қыста ғана болады

Ұстасан қолын тоңады. **Қар.**

Балаларға пастамен саусақ арқылы қар кесектерінің суретін салуға үйрету. Балалар үлгі жұмысқа қарап саусақпен салады.

Балалардың салған жұмыстарынан көрме ұйымдастырылады.

Қорытынды: Жақсы сурет саған балаларды мақтап мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін.

Игереді: Сурет салу әдіс тәсілдерін.

Меңгереді: Саусақпен салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 18.01.2022 жыл

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Балапан»

Мақсаты. Балапанның суретін салуда түсіне, пішініне, көлеміне қарап салуды үйрету.

Көрнекілігі: Сурет, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Шөжелерім өлеңімен басталады.

Ұйқұстарының суреттерін көрсетіп атауларын айтып береді: Осы құстардың ішіндегі тауықтың балапаның саламыз.

Балалар сары түсті бояуды қолданып сары балапан суретін салады.

Қорытынды: Жақсы салған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже.

Біледі: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін

Игереді : Сурет салу әдісі тәсілдері.

Меңгереді: Пішіндерді біріктіреді салады бояйды.

Вариативтік компонент

Күні: 25.01.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Шырша».

Мақсаты: Бояу әдістерін меңгерту.Қыл қаламмен бояуды дұрыс пайдалануды үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Әсем сұлу шыршамыз

Шырша келді ортаға.

Ағаштарды бақылау ішіндегі ең әдемі ерекше болып өсетін ағаш ол шырша ағашы.

Шырша үш бұрышты болып өседі және түсі өзгермейді қыс мезгілінде жасыл болып мадақтау тұрады. Жасыл түспен салып жасыл түспен бояймыз.

Қорытынды: Жақсы сурет салған балаларды мақтап.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Шырша ағашын.

Игереді: Жасыл бояумен бояуды.

Меңгереді: Бояу әдістерін.

Вариативтік компонент

Күні: 01.02.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Үлкен кіші шарлар».

Мақсаты: Затты сызық сыртына шығармай бір бағытта бояуды үрету.

Көрнекілігі: Суреттер , шарлар.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балалар сендер шармен ойнағанды жақсы көресіңдер ме? – Иә шармен ойнағанды жақсы көреміз. Мына шарлардың түстері қандай? – Қызыл, сары,жасыл, көк. Пішіні қандай? – Пішіні домалақ сопақша. Енді алдымыздағы бояу түстерін таңдап алып шарды салып бояймыз.

Қиналған балаларға көмектесіп үйрету.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау .Шарлар көрмесін ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Өртүрлі көлемдегі шарларды.

Игереді: Бояуды.

Меңгереді: Түстерді ажырата алады.

Вариативтік компонент

Күні: 08.02.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Телефон».

Мақсаты: Үлгі бойынша ерекшелігін пішінін ескере отырып сурет салады.

Ұйымдастылған оқу қызметі.

Суреттерге қарап әңгіме құрастыру.

Телефон суретін көрсетіп үлгі бойынша сурет салуды үйрету. Қиналған балаларға көмектесіп үйрету. Телефон туралы әңгімелеу.

Қорытынды: Жақсы салған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үлгіге қарап салады.

Игереді: Телефонның не үшін керек екенің.

Меңгереді: Әңгіме құрастыруды.

Вариативтік компонент

Күні: 15.02.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Шана».

Мақсаты: Шана суретінің үлгісіне қарап суретін салу.

Көрнекілігі: Суреттер үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі

«Қыс» өлеңі

Далада қар борайды.

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады

Жып жытыр боп жатады

Қысқы дала суретін көрсету. Суретке қара әңгімелеу. Сендер шанамен сырғанап ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Олай болса осы шана суретін саламыз-деп қалай салатынын көрсету.

Қиналған балаларға көмектесіп көрсету. Балалар бір-бірімен жұмысын бағалайды.

Қортынды: Жақсы әдемі салған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қыс мезгіліндегі өзгерістерді.

Игерді: Шана суретін салуды.

Меңгереді: Бір - біріне көмектеседі.

Вариативтік компонент**Күні: 22.02.2022жыл.****Білім саласы:** Шығармашылық.**Бөлімі:** Сурет салу.**Тақырыбы:** «Қалпақты сәндеу».**Мақсаты:** Ер баланың ұлттық бас киімімен таныстыра отырып оған өрнек салуды, бояуды үйрету.**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

Ақ қағаздан жасалған қалпақтарды беріп маңдайындағы ұлттық өрнектер боялмай қалыпты. Осы өрнектерді бояумен ұқыпты бояймыз.

Балдарға сиға тартатындай етіп қояйық.

Қорытынды: Қалпақтарды сөреге іліп салыстырып бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ұлттық бас киімдерді.**Игереді:** Өрнекті бояйды.**Меңгереді:** Бір біріне көмектеседі.**Вариативтік компонент****Күні: 01.03.2022жыл.****Білім саласы:** Шығармашылық**Бөлімі.** Сурет салу.**Тақырыбы:** «Көктемгі бақ».**Мақсаты:** Ағаштар мен гүлдерді ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйрету.**Ұйымдастырылған оқу қызметі.**

Көктем өлеңін оқып беру. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Суреттерге қарап көктем мезгілінің көрінісін тамашалау. Ағаштағы жапырақтардың түстері қандай? Суреттерге қарап көктем мезгілінің көрінісін тамашалау. Ағаштағы жапырақтардың түстері қандай? Жапырақтың түсі жағымды түс жылы түс, осы түстерді пайдаланамыз. Бояуды тамшылатып гүлдерге қызыл, сары түстерді пайдаланамыз.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көктем мезгілін.**Игереді:** Тамшы арқылы сурет салуды.**Меңгереді:** Жасылтүсті жылы түс деп айтатынымызды.

Вариативтік компонент

Күні: 15.03.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Наурыз дастарханы»

Мақсаты: Өрнекті түсіндіре отырып дастархан ортасына гүл салу, шеттеріне геометриялық өрнек қос мүйізді салуды үйрету.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балаларға түрлі суреттер көрсетіп өрнектеріне зейін аударып қос мүйіз және қызғалдақ өрнегімен таныстырып әңгімелеу. Қонақтарға арнап дастархан суретін саламыз түрлі бояуды пайдаланып үлгіге қарап саламыз.

Қорытынды: Балалардың суреттеріне қарап салыстырып бағалау мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Өрнекті түсінеді.

Игереді: Гүл салуды.

Меңгереді: Қос мүйіз салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 29.03.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Әдемі көйлек».

Мақсаты: Көйлекті бояу және түстерін үйлестіруді үйрету. Эстетикалық талғамын дамыту.

Көрнекілігі: Көйлек суреті салынған қағаз , бояу, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Қонаққа қуыршақ келеді. Қуыршақ әдемі көйлек салып беруді балалардан өтінеді. Әдемі көйлекті әсемдеп етегіне өрнек салуды үйретеді.

Сергіту сәті.

Он саусағы майысқан

Шебер болар ұрпақпыз

Тұла бойы толған күш

Батыр болар ұрпақпыз.

Қуыршақ балалардың жұмыстарына алғысын айтып қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әдемі көйлектің етегіне

Игереді: Түстерін үйлестіруді.

Меңгереді: Көйлекті бояуды.

Вариативтік компонент

Күні: 05.04.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Жеміс артқан машина»

Мақсаты: Орналасу ретін сақтай білуді алма, лимон бейнесін дәл бейнелеуге үйрету қызыл, сары бояуларды араластырмай қолдануды үйрету.

Көрнекілігі: Жүк таситын машина суреті салынған қағаз, бояу үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балаларға түрлі жүк таситын машиналарды көрсету. Мына машинамен не тасуға болады деп сұрау. Бұл машинаға жеміс артуға болатының көрсету. Осы машина прцебіне алма алма, лимон салу үлгісін көрсету.

Сергіту сәті.

Қорытынды бөлім:

Қорытынды: Балалардың жұмысын бағалау . Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Орналасу ретін.

Игереді: Бояуларды араластырмай қолдануды.

Меңгереді: Алма, лимон бейнесін салуды.

Вариативтік компонент:

Күні: 12.04.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Тасбақа».

Мақсаты: Тасбақа пішінін бейнелей білуге баулу, сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру.

Көрнекілігі: Қосмекенділер суреттері. Үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Көктем келді шуақты.

Балаларды қуантты

Алақай ау, алақай

Көктем қандай,

Көктем қандай көңілді.

Балаларға қосмекенділер жайлы суреттерді көрсетіп олар жайлы не білетіндерін сұрап түсіндіріп беру. Осы қосмекенділердің ішінен тасбақа суретін салып бояуды үйрету.

Қорытынды: Балалардың салған суреттерін қорытып бағалау мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Тасбақа пішінін бейнелеуді.

Игереді: Бояуды.

Меңгереді: Өлеңді жатқа айтуды.

Вариативтік компонент**Күні: 19.04.2022 жыл.****Білім саласы:** Шығармашылық.**Бөлімі:** Сурет салу.**Тақырыбы:** «Көктемгі табиғат».**Мақсаты:** Ағаштар мен жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйрету.

Көрнекілігі: Ақ қағаз, қаламдар үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Табиғатым тамаша.

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап

Жүрейікші жараса.

Балаларға пішіндерді домалақ, үшбұрыш және сопақшаны салып көрсетіп қандай пішіндер екенің сұрау. Осы пішіндерді үйлестіріп салу арқасында тиын мен қоянды салу үлгісін көрсетіп олардың айналасына ағаштарды саламыз деп көрсетіп үйрету.

Қорытынды: Салған суреттерін бағалап әңгімелеуді ұйымдастыру. Балаларды мақтап мадақтау.**Күтілетін нәтиже.****Біледі:** Ағаштар мен жануарларды.**Игереді:** Пішіндерді үйлестіріп салуды.**Меңгереді:** Суреттерін бақылып әңгімелеуді.**Вариативтік компонент****Күні: 26.04.2022 жыл.****Білім саласы:** Шығармашылық.**Бөлімі:** Сурет салу.**Тақырыбы:** «Әжеме сиға тартқан орамал».**Мақсаты:** Қаламды өрнек салуда қолдану әдістерін меңгерту.**Көрнекілігі:** Ақ қағаз, қалам, үлгі жұмыс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Әжем менің әліде.

Ұқсамайды кәріге

Шай қайнатып береді

Біздің үйдін бәріне.

Балалар бүгін біз әжелерімізге арнап силық жасаймыз. Әжемізге орамал силаймыз. Мен орамал сәндеп салу жолдарын үйретемін. Олай болса қалам алып ортасына гүл шетіне майда лүлдерді саламыз.

Қорытынды: Балалардың салған орамалдарын тамашалап көрме ұйымдастырады.

Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Қаламды қолдануды.**Игереді:** Орамал сәндеуді.**Меңгереді:** Бояуды.

Вариативтік компонент**Күні:03.05.2022жыл.****Білім саласы:** Шығармашылық.**Бөлімі:** Сурет салу.**Тақырыбы:** «Сәнді табақ».**Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру. Ұлттық қазақ ою өрнектердің пайдалану дағдыларын жетілдіру.**Көрнекілігі:** Ыдыс аяқ суреттері, ақ қағаз қыл қалам , бояу.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Суреттерге қарап ыдыстардың атауларын не үшін пайдаланатынымызды әңгімелеп, әр ыдыстың безендірілуі әр түрлі екенін түсіндіру. Енді осындай әдемі табақ суретін саламыз. Қыл қаламды бояуға малып алып табақты саламыз содан соң жиегіне таңбалап әшекей гүлдерді саламыз деп көрсету.

Қорытынды: Балалардың салған суреттерін көрмеге қойып салыстырып бағалау.**Күтілетін нәтиже:****Біледі:** Домалақ сопақша пішіндерді.**Игереді:** Гүлдерді салуды.**Меңгереді:** Суретке қарап әңгімелеуді.**Вариативтік компонент****Күні:11.05.2022жыл.****Білім саласы:** «Шығармашылық» білім беру саласы**Бөлімі:** Сурет салу**Тақырыбы:** Орамалды безендіру.**Мақсаты:** Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету.

Саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту;

Қажетті құрал-жабдықтар: сары түсті парақ, бастырма, түрлі түсті бояу, сүлгі, су.**Сөздік жұмыс:** орамал.**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**

- Бүгін әжемізге сыйға тарту үшін мына орамалды әдемі етіп безендіріп берейік.

Педагог балаларға фон және онда үшбұрыш сызылған үлестірмелі материалды таратып береді. Берілген орамал пішіні ішіне дөңгелек пішіндерді салу жолын түсіндіреді. Қызыл гуашьты пайдаланатындығын айтады. Бастырма әдісі бойынша салуға да болады, ол үшін алдымен кішкентай дөңгелек пішіндер дайындалып алынады. Ол пішінді қызыл бояуға батырып алып, орамал бетіне бастырады. Мақта орамал таяқшамен, саусақпен, қылқаламмен салуға да болады. Педагог өзі қалаған тәсілді тандап алады. Сурет салу барысында балаларға дөңгелектерді орамалдың бір Балалар Айгүлмен сәлемдеседі. Балалар ойланады. - Иә, көмектесейік. Балалар әжелерінің, аналарының орамалдары жайлы өз білгендерін айтады. Балалар педагогтің басшылығымен жұмыс жасайды, орамалды дөңгелек бастырманы қызыл гуашька матырып алып басу жолымен безендірді. Олар көтеріңкі көңілде өздері безендірген орамалдарды әжеге беріп жіберетін болып келіседі.

Қортынды: Шетінен бастап, арақашықтығын дұрыс сақтай отырып салып шығуды тапсырады. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт-бағдар беріліп отырады.

Балалар безендірген орамалдарын Айгүлге ұсынады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бастырмамен жұмыс істеу дағдысын.

Игереді: орамалдардың алуан түрлі формада, түсте болатыны туралы мәліметті.

Меңгереді: әртүрлі тәсілмен дөңгелек пішін салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 17.05.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Тауық балапандарымен».

Мақсаты: Құстарды бейнелегенде көркемдігін шағын қимыл сюжетіне келтіріп салуды үйрету.

Қылқаламды бояуға ұқыпты малуын пысықтау, қағаз бетіне құстар бейнесін көлеміне қарай салуды үйрету.

Көрнекілігі: Ақ қағаз, бояу.

Ұйымдастырылатын оқу қызметі.

Шаттық шеңбер.

Ой балалар, балалар

Құстарда да ана бар

Құстарда да бала бар.

Құс ұясын бұзбайық

Обалына қалмайық.

Балалар мына суреттегідей тауық пен балапан суретін

салып үйренеміз. Ол үшін сары түсті бояуды таңдаймыз өйткені балапан түсі сары, ал тауықтың түсі қоңыр немесе қызыл түспен бояймыз. Суреттерді көрмеге қойып кім қалай бояйтынын бағалаймыз.

Қорытынды: Балалардың өнерлі екенін айтып мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Құстарды бейнелеу.

Игереді: Ұқыпты бояуды.

Меңгереді: Көлеміне қарай салуды.

Вариативтік компонент

Күні: 24.05.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Ертегідегі әтеш»

Мақсаты: Құстың пішіні мен түс ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйрету.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Суреттегі ертегі әтешті сипаттап осындай әтешті саламыз. Әтеш салу әдістерін үйрету. Түрлі түсті қаламдарды таңдап алып салғызу.

Қорытынды бөлім: Суреттерін салып болған соң сөреге орналастырып балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Құстың ерекшеліктерін.

Игереді: Әтештің суретін салуды.

Меңгереді: Сипаттауды.

Вариативтік компонент

Күні:31.05.2022жыл.

Білім саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Сурет салу.

Тақырыбы: «Елімнің туы».

Мақсаты: Пішінін ескере отырып оның бетінде белгілерді орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету.

Көрнекілігі: Ақ қағаз, қыл қалам, бояу.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Балалар біздің туымыз қандай сипаттап беріндерші. Оның пішіні түсі қандай? Не бейнеленген?

Бізді достық мерекесіне шақырыпты мерекеге өз туымызды ала келуін ескертіпті. Ал балалар біз мерекеге ұстап баратын туымызды салып бояймыз.

Қорытынды: Дайын болған туларды арнайы жоғарыға орналастырып тамашалап бағалау салыстыру.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Тудын қандай екенін.

Игереді: Бояуды.

Меңгереді: Мерекеге ұстап баратынын.

«Дана» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
Менгеруші: Ж. Арынбаева

Вариативтік компонент

«Ертегілер елінде»

Ересек «Күншуақ» тобы

Тәрбиеші : Г.Сабырқұлова

М.Коспанова

2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, қоғамдық ортада ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1.«Бауырсақ» 2.«Күшік пен мысық» 3.«Торғай мен тышқан» 4.«Қияр мен қырыққабат»	1 1 1 1
Қазан	1.«Құлын ,қозы, лақ» 2.«Маша мен аю» 3.«Мысық пен тышқан» 4.«Су жүрек қоян»	1 1 1 1
Қараша	1.«Түлкі мен қасқыр» 2.«Арыстан мен тышқан» 3. «Шұбар тауық» 4. «Мысық ,әтеш және түлкі».	1 1 1 1
Желтоқсан	1.«Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?» 2.Үш жалқау» 3.«Төлдердің айтысы» 4.«Аққу - қаздар»	1 1 1 1
Қаңтар	1.«Алтын балта» 2.«Үш аю» 3.«Қасық пен Айыр» 4.«Асқабақ дәні»	1 1 1 1
Ақпан	1.«Балықтар неге сөйлемейді?» 2.«Қу түлкі» 3.«Екі дос пен аю» 4.«Қорқақ қоян»	1 1 1 1
Наурыз	1.«Айлакер түлкі» 2. «Ай мен Күн» 3. «Бір үзім нан» 4.«Гүл».	1 1 1 1
Сәуір	1.«Екі дос» 2.«Қасқыр мен кірпі» 3.«Тышқан мен жылан» 4.«Алтын балта»	1 1 1 1
Мамыр	1.«Құмырсқа» 2.«Қорқақ қоян» 3.«Арыстан мен түлкі» 4.«Қасық пен Айыр»	1 1 1 1
Барлығы		36

Вариативтік компонент**Күні: 02.09.2021ж****Білім саласы:** Коммуникация**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Бауырсақ сары домалық»**Мақсаты:** Ертегі мазмұның айтып беру.Ермексаздан бауырсақ мүсіндеуге тарту.**Құрал жабдықтар:** Тақтайша,ермексаз,салфетка, ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Мен атамнан қаштым

Мен апамнан қаштым

Бұл өлеңді кім айтады?- Бауырсақ.

Бауырсақ ертегісін балалардың есіне түсіріп мазмұның айтып беру.

Балаларды ролге бөліп ойнату.

Ертегі қалай аталады? – Бауырсақ деп аталады.

Бауырсақты кім пісірді? – Әже пісірді.

Қорытынды: Жаксы қатысқан балаларды мақтап мадақтау.**Күтілетін нәтиже:****Біледі:** Ертегі мазмұның біледі.**Игереді:** Өлеңді айтады.**Меңгереді:** Рольге бөліп ойнауды.**Вариативтік компонент****Күні: 09.09.2021жыл.****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Күшік пен мысық»**Мақсаты:** Балалардың мысық пен күшік жөнінде түсініктерін кеңейту,олардың тіршілігімен таныстыру.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Психожаттығу

Арайлап таң атты

Алтын шуақ таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды гүліміз.

Жұмбақ:

Тікірейіп құлағы

Меннен бұрын тұрады

Бойын жазып керіліп

Беті қолын жуады. жауабы: **Мысық.**

Лағымның құлағы селтиіп тұрады

Қозы көрсе болғаны, оны тұра қуады. **Күшік**

Ит пен мысық үй жануары.

«Ит пен мысық адамға қалай дос болды?» ертегісін балаларға айтып беру.

Ит пен мысық қандай жануар? – Үй жануары.

Антоним сөздер. ақ-қара, күшік-ақ, мысық-қара.

Қорытынды:

Сұрақ жауап арқылы балалардың білімдерін пысықтау.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Мысық пен күшік туралы.**Игереді:** Ертегіні тыңдайды.**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап береді.

Вариативтік компонент

Күні: 16.09.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Торғай мен тышқан»

Мақсаты: Торғай мен тышқан ертегісін айтып беру.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Жарық болсын күніміз

Жарық болсын үніміз

Елін сүйіп ер жетер

Біз болашақ гүліміз.

Ертегі мазмұның балаларға айтып беру. Торғай мен тышқан артық қалған бидай үшін кімге ақыл сұрауға барады?

Сергіту сәті:

Торғай торғай тоқылдақ

Жерден жемді шоқып ап

Бөтегесі бұлтиып

Шик шик деп отырады.

-Балалар ертегі қалай аталады?

-Ертегі сендерге ұнады ма?

Қорытынды:

Сұрақ жауап арқылы балалардың білімдерін пысықтау, мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегі мазмұның

Игереді: Ертегіні айтып береді.

Меңгереді: Сұраққа жауап береді.

Вариативтік компонент

Күні: 23.09.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Қияр мен қырыққабат»

Мақсаты: Көкөністер туралы түсінік беру. Ертегі мазмұның айтып беру.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Суреттерге қарап көкөністер мен жемістерді ажыратып айтып беру.

«Қияр мен қырыққабат» ертегісін айтып беру. Ертегі мазмұның балаларға айтқызу.

ертегі қалац аталады?

Көкөністер қайда өседі?-Бакшада өседі.

Қорытынды:

Жаксы қатысқан балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көкөністер мен жемістерді ажырата алады.

Игереді: Сұрақтарға жауап береді.

Меңгереді: Көкөністердің пайдасы туралы.

Вариативтік компонент**Күні: 07.10.2021жыл.****Білім саласы:** Коммуникация**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Құлын қозы лақ» әңгіме**Мақсаты:** Үй жануарлар мен төлдерін ажыратып атай білуге үйрету**Корнегілігі:** Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Бір күні құлын, қозы, лақ үшеуі кездесіп ойын ойнамақшы болады.

Лақ: келіндер үшеуіміз тастан тасқа секіріп ойнайықшы.

Қозы: жоқ секіріп ойнаған қызық емес одан сүзісіп ойнайықшы дейді.

Құлын: жоқ мен келіспеймін оданда жүгіріп ойнайықшы дейді.

Сөйтіп үшеуі өздеріне ұнаған ойындарын ойнайды.

Балалар бұлар қандай жануарлар?- Үй жануарларының төлдері.

Қалай аталады?- құлын, қозы, лақ.

Қорытынды: Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Үй жануарлардың төлдерін.**Игереді:** Төлдердің қимылдарын.**Меңгереді:** Олардың пайдасын.**Вариативтік компонент****Күні: 14.10.2021жыл.****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Маша мен аю»**Мақсаты:** Түрлі жүрістерді бекіту.**Көрнекілігі:** Орындық, кедр жолақша, орман бейнесі.

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Есік қағылып әуенмен Маша кіреді.

-Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Сәлеметсің бе Маша!

-Мен аю досыма қонаққа баражатырмын. Сендер менімен барғыларың келеме?

Сендер қиыншылықтан қорықпайсындарма. Орманға бару үшін кедр-бұдыр жолмен көпірден

өтеміз. Музыкамен жолға шығады. Екі қолдарын белге қойып кедр тақтай үстімен жүру.

Көпірден өту тепе-теңдікті сақтап қолдарын жанына созып өту. Орманға аюға да келдік.

Аю: Маша керемет келгенің қандай жақсы болды.

Маша: Мен достарыммен бірге келдік.

Аю: Сендер менімен ойнайсындар ма?

Ойын: «Аю мен балалар»

Аю: Маған заттарды санауды үйретіндерші.

Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы білімдерін пысықтау.**Мақтап мадақтау.****Күтілетін нәтиже:****Біледі:** Заттарды санауды.**Игереді:** Түрлі-түстерді .**Меңгереді:** Заттарды дұрыс орындауды.

Вариативтік компонент

Күні: 21.10.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»

Мақсаты: Тыңдай білуге үйрету. Ертегі мазмұның айтып беру.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Шаттық шеңбер

Күй тартамыз күмбірлі

Ән айтамыз көңілді

Би билейміз ырғақты

Біз бастаймыз оқуды.

Мысық пен тышқан ертегісін айтып беру

-Тышқан қандай аң?

-Сендерге тышқанның әрекеті ұнады ма?

-Сендер тышқанның орнында болғанда не істер едіңдер?

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық

Алақанды соғайық

Бір отырып бір тұрып

Біз тынығып алайық.

Кім жылдам? Мысық пен тышқанның қиындыларын беріп құрастыру.

Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы балалардың білімдерін пысықтау.

Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегіні тыңдауды.

Игереді: Ұй жануарларының дыбыстарын салады.

Меңгереді: Қиындылардан сурет құрастырады.

Вариативтік компонент

Күні: 28.10.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Су жүрек қоян»

Мақсаты: Ертегі мазмұнын айтып беру достық сезімін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Жұмбақ.

Қысқа емес ұзын

Батыр емес қорқақ

Қорегі оның қияр емес сәбіз. **Қоян.**

«Су жүрек қоян» ертегісін тыңдайды.

- Қорқақ қоян неден шаршады?
- Қорқудан шаршады.
- Қоян қалай аталды?- Батыр қоян аталды.
- Бірінші неге кездесті?- Тиынға кездесті.

-
- Екінші неге кездесті?-Түлкіге.
- Үшінші неге кездесті?-Қасқырға.
- Төртінші неге кездесті?- Аюға.
- Ертегі ұнады ма?- иә ұнады.

Қорытынды: Қане ертегіні еске түсірейікші. қолшатырды айналдырып еске түсіреміз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қоян туралы

Игереді: Сұрақтарға дұрыс жауап береді.

Меңгереді: Ертегі мазмұның.

Вариативтік компонент

Күні: 04.11.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Түлкі мен қасқыр»

Мақсаты: Ертегі мазмұнын әңгімелеу. Жағымды және жағымсыз әрекеттерді сезіне білуге үйрету.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Жұмбақ

Өзі айлакер, өзі қу

Жүрген жері айқай да шу. **Түлкі.**

Түлкі мен қасқыр ертегісін айтып беру.

Түлкі не істеді?

Онын жасаған әрекеті қандай?

Ал қасқырдың әрекеті туралы не айтасындар?

Досына солай істеуге болама?

Ертегі қалай аталады?

Ертегі қандай жануарлар туралы?

Сергіту сәті.

Антоним сөздер: Еңбекқор-жалқау, батыр-қорқақ.

Қорытынды:

Сұрақ жауап арқылы білімдерін пысықтау.

Күтілетін нәтиже

Біледі: Ертегі мазмұның.

Игереді: Сұрақтарға жауап береді.

Меңгереді: Антоним сөздері пайдалану. Коп-аз.Үлкен-кіші.

Вариативтік компонент

Күні: 11.11.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан»

Мақсаты: "Арыстан мен тышқан" ертегісімен таныстыру. Ертегі мазмұның түсіндіру, баяндау.

Шаттық шеңбер.

Жарық болсын күніміз.

Жарқын болсын үніміз.

Елін сүйіп ержетер.

Біз болашақ гүліміз.

Ертегіні айтып беру. Балалар мұхият тыңдаймыз.

"Арыстан мен тышқан" ертегісімен таныстыру. Ертегі мазмұның түсіндіру, баяндау. Ол ертегі айтатын шаршы. Қараңдаршы, оның әрбір қырында ертегінің суреттері бейнеленген.

- Мына ертегі сендерге таныс па?

- Иә, бұл ертегімен біз бүгін танысатын боламыз. Бұл латыш халқының ертегісі «Арыстан мен тышқан» ертегісі.

- Ертегі өте қызықты екен.

Жалпы мазмұнын айта кетеді. Ертеде орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады.

Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып: - Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті.

Арыстан оның сөзіне күліп:

- Сен өзің кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың, - деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті.

Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым», - деп, жүгіріп ойнап кете беріпті.

Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты. Тышқан арыстанға:

- Мені кішкентайсың, - деп мән бермеуші едің. Міне сені бір ажалдан алып қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.

Қорытынды: Ертегі қалай аталады?

Олар қандай аңдар?

Қайда өмір сүреді?

Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жабайы аңдар туралы.

Игереді: Ертегіні мұхият тыңдайды.

Меңгереді: Сұрақтарға жауап береді.

Варивтивтік компонент

Күні: 18.11.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Шұбар тауық»

Мақсаты: Ертегіні зейін қойып аяғына дейін тындауға үйрету. сұрақтарға жауап беруге мейірімділікке, аяшылық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Шаттық шеңбер

Сөздік ойын: Кім тез жауап береді?

Ертегі желісі бойынша сұрақтар беру.

-Қандай ертегі көрдіңдер?

-Шұбар тауық кімдердің үйінде тұрды?

-Қандай жұмыртқа тауып берді?- Алтын жұмыртқа тауып берді.

-Жұмыртқаны не жарды?- Жұмыртқаны тышқан жарды.

-Тышқан жұмыртқаны қалай жарды?- Тышқан құйрығымен қағып кетті.

Психологиялық гимнастика. «Көңіл күй-Ата мен әже жұмыртқаны көргенде қалай таңданды.(Таңдану)

– Алтын жұмыртқа жарылып қалғанда қалай ренжіді?(Көңілсіз).

-Жай жұмыртқа тауып бергенде қалай қуанды?(Қуану,күлу).

Қорытынды: Жақсы жауап беріп отырған балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегіні аяғына дейін тындауды.

Игереді: Сұрақтарға анық жауап береді.

Меңгереді: Ертегі мазмұның айтып береді.

Вариативтік компонент

Күні: 25.11.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Мысық ,әтеш және түлкі».

Мақсаты: Ертегіні айтып беру. балаларға ертегіні айтқызу.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Мысық, әтеш және түлкі ертегісін айтып беру.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегі ұнады ма?

-Әтешке не болды?

-Әтешке не көмектесті?

Әтеш туралы өлең айтып беру.

«Әдемі әтеш»

Таң атпай тұрыпты

Ойқастап жүріпті

Жан-жақа қарапты.

Айдарын тарапты.

Қорытынды:

Сұрақ жауап арқылы балалардың білімдерін пысықтау. Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже.

Біледі: Ертегі мазмұның.

Игереді: Ұй жануарларының дыбыстарын.

Меңгереді: Кейіпкерлердің іс әрекетін.

Вариативтік компонент

Күні: 02.12.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?»

Мақсаты: Ертегі мазмұның айтып беру.

Көрнекілігі: Суреттер

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Артикуляциялық жаттығу.

Ыс-ыс-ыс келіп қалды қыс.

Ай-ай-ай-жайлауда жүр тай.

Лау-лау-лау- желбірейді жалау.

Ла-ла-ла-Аян жақсы бала

Ыз-ыз-ыз Балым жақсы қыз.

Балалар мына суретте не көріп тұрсындар?

-Марғау ненің баласы?- Марғау мысықтың баласы. Марғау қайда қарап тұр?

-Терезеден далаға қарап тұр. – Не көрді? – Неге таң қалды? Марғау қар көріп таң қалып тұр.

Мысық неге тамақ ішіп болған соң жуынады? Ертегісін айтып беру.

Сұрақ жауап арқылы білімдерін пысықтау.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Суретке қарап әңгімелеуді.

Игереді: Ертегі мазмұның айтады.

Меңгереді: Әңгіме құрастыруды.

Вариативтік компонент

Күні: 09.12.2021жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Үш жалқау»

Мақсаты: Ертегінің мазмұның айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Үш жалқау ертегісін айтып беру.

Ертеде бірінен бірі өткен үш жалқау болыпты. Бас көтермей ұйықтай береді екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау Е құдай мына өріктер піссе – депті.

Екіншісі ауызға келіп түссе депті. Сонда үшіншісі оларды міні сөйлеп.

Туу, соны айтуға қалай ерінбейсіндер депті.

-Бұл үш жалқаудың әрекеті дұрыспа?

-Жалқау болған жаман. Балдар жалқау болмандар. Жақсы мен жаманды айыра аласындарма?

Көркем сөз:

Жақсылықтан үйреніп.

Жамандықтан жиреніп

Үлгі аламыз жақсыдан.

Боламыз біз жақсы адам.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегі мазмұның.

Игереді: Жақсы мен жаманды айыра білу.

Меңгереді: Көркем сөздерді жатқа айтады.

Вариативтік компонент:**Күні: 23.12.2021жыл.****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Төлдердің айтысы»**Мақсаты:** Ертегіні тыңдайды. Үй жануарлар туралы білімдерін бекіту.**Көрнекілігі:** Суреттер.**Ұйымдастырылған оқу қызметі.****Ойын:** «Қателесіп қалма»

Әр түрлі жануарлардың иіскен үй жануарларын айту керек.

Ендеше осы жануарлар туралы аңыз тыңдаймыз «Толдер айтысы»деп аталады.

Толдер лақ,бұзау, қошакан,бота біздің иеміз кімді көбірек жақсы көреді деп айтысып қалады.

Сол кезде адам иесі келіп төлдерім басқа таласпандар арқайсыларының орындарын бөлек деп жауап беріпті.

«Үлкен-кіші»

Сыыр-бұзау дыбыстарын айтады.

Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы білімдерін пысықтау.**Күтілетін нәтиже.****Біледі:** Үй жануарлар туралы білді.**Игереді:** Ертегінің мазмұның айтады.**Меңгереді:** Жануарларға деген сүйіспеншіліктері артады.**Вариативтік компонент****Күні: 30.12.2021жыл.****Білім саласы:** Коммуникация**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Аққу - қаздар»**Мақсаты:** Балаларды бес көлеміндегі сандардың құрамын анықтауға сандарды табуға, заттарды санауға, апта күндерін ажыратуға, геометриялық пішіндерді айтуға үйрету.**Көрнекілігі:** Сандар, геометриялық пішіндер, суреттер.**Ұйымдастырылған оқу қызметі:****Тосын сый:** Аленушка келеді. Інісін аққу-каздар әкеткенің айтып көмек сұрайды.

Балалармен бірге пешке барып көмектесуін сұрайды. Пеш 5-ке дейін санап берулерін сұрайды. Балалар 5-ке дейін санайды. Алма ағашқа барады бір аптада неше күн бар екенін сұрайды. Өзенге барады Мына жерде неше құмырсқа үй салып жатқаның сұрайды. Неше кейіпкер шалқанды алып шықты? Немеренің алдында кім тұрды? Жучканың артында кім тұрды? Тышқан қалай дыбыстайды?

Қорытынды: Балалар тапсырманы жақсы орындады. Сол үшін жіп береді. Жіп балаларды Иванушкаға алып барады.**Күтілетін нәтиже:****Біледі:** Апта күндерін ажыратады.**Игереді:** Геометриялық пішіндерді атайды.**Меңгереді:** 5 көлеміндегі сандарды, заттарды санайды.

Вариативтік компонент**Күні: 06.01.2022жыл****Білім саласы: Коммуникация****Бөлімі: Көркем әдебиет****Тақырыбы: «Алтын балта»****Мақсаты:** Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын айтуға және өтірік сөйлемеуге үйрету.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз

Күні бойы қызыққа,

Батамызда қаламыз.

Негізгі бөлім: Алтын балта ертегісін оқып беру.

Ертеде бай мен кедей көрші болады. Кедей диірменге барса, байдын балтасын сұрап алады. Бір күні кедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Диірменші екінші рет қолын салғанда, күміс балтаны алып шығады. Сонда диірменші оған «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Сонда диірменші үшінші қолын салғанда бір ағаш балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Сонда кедей «Иә, осы менің балтам» дейді. Сонда диірменші «Пейілің таза адам екенсің. Сондықтан мына алтын балтаны ал!» дейді. Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді. Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіргенін айтады. Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді. Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады. Ол байдан «Мынау ма сенің балтаң?» дейді. Сонда бай «Менің балтам!» дейді. Диірменші оған «Өтірік айтпа, мынау сенің балтаң емес!» деп өзінің ағаш балтасын береді.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Мазмұнын**Игереді:** Тыңдауды**Меңгереді:** Өтірік айтпауды.

Вариативтік компонент

Күні: 13.01.2022жыл.

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Үш аю»

Мақсаты: Ертегінің мағынасын түсінуге.

Шаттық шеңбер.

Жарық болсын күніміз.

Жарқын болсын үніміз.

Елін сүйіп ержетер.

Біз болашақ гүліміз.

Ертегіні айтып беру. Балалар мұхият тыңдаймыз.

Үлкен, орташа, кіші, аюлар.

Олардың аттары кім. Михаил, Анастасия, Мишутка.

Олардың заттарды қандай болған?

Үлкен аюдыңкі-үлкен.

Орташа аюдың заты-орташа .

Кіші аюдың заты-кішкентай болады.

Қорытынды: Ертегі қалай аталады?

Ыдыстардың көлемі бірдей ме?

Олар қандай аңдар?

Қайда өмір сүреді?

Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жабайы аңдар туралы.

Игереді: Ертегіні мұхият тыңдайды.

Меңгереді: Сұрақтарға жауап береді.

Вариативтік компонент**Күні:20.01.2022жыл.****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Қасық пен Айыр»**Мақсаты:** Ертегіні мұқият тыңдауға мазмұныны айтып беруге үйрету.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер

Балалар бір-біріне жылулық сыйлайды.

Негізгі бөлім: Қасық пен Айыр ертегісін айтып беру.

Ертеде Қасық пен Айыр өмір сүріпті. Қасық өте ерке, мақтаншақ, ал Айыр өте салмақты да ақылды болыпты. Бір күні Қасық Айырды қонаққа шақырыпты. Ол Айырдың сорпа іше алмайтынын біліп, әдейі сорпа дайындаған екен.

- Мен сұйықты да, қоюды да, тіпті шайды да іше аламын,- депті Қасық. Қарны ашып келген Айыр:

- Сен мені қонаққа шақырған соң, үйімнен нәр татпай келген едім, жақсы, ендеше мен жүрейін деп, ренжімегенін айтады. Ертеңгісін Қасыққа сен маған қонаққа кел деген екен. Ол досына дәмді етіп лағман дайындапты. Қасық досының мырзалығын көріп, шын көңілмен дайындаған дастарханға толы тамағына көзі түсіп, қатты ұялған екен. Тіпті тамақты жеуге ар-ұяты бармапты. Айыр:

-Еее, достым, мен білемін неге тамақ ішпей отырғаныңды, ал ұялма, мен саған түк те ренішім жоқ, екеуіміз нағыз достар емеспіз бе, күнде бір-бірімізді көреміз, сырымызбен шүйіркелесеміз, нағыз достар бір-біріне ренжімеу керек,- деген екен. Содан соң өзінің қателігін түсінген Қасық досынан кешірім сұрап, оған достық қолын беріпті. Осы күнге дейін екеуі бірге жүреді екен.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Мұқият тыңдауды.**Игереді:** Мазмұнын айтуды**Меңгереді:** Ертегіні сахналауды.

Вариативтік компонент**Күні: 27.01.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Асқабақ дәні»**Мақсаты:** Балалардың әлем халықтарының ертегілерінің мазмұнын түсінуге қызығушылығын арттыру..

Шаттық шеңбер.

Жарық болсын күніміз.

жарқын болсын үніміз.

Елін сүйіп ержетер.

Біз болашақ гүліміз.

Ертегіні айтып беру. Балалар мұхият тыңдаймыз.

Балалар бүгін сіздерге «Асқабақ дәні» ертегісін оқып беремін.

Бір әйел үйінің табалдырығында балаларының киімін жамап отырады. Күтпеген жерден қарлығаштың ұясына кішкентай балапан құлап қалады. Әйел балапанды көтеріп алақанына алып қараса, аяғын сындырып алыпты. Балапанға жаны ашыған әйел оның аяғын байлап, балапанды ақырындап ұясына қайта салып қояды.

Бұған риза болған қарлығаш келесі көктемде жылы жақтан ұшып келген кезінде әйелдің алдына асқабақтың дәнін тастап кетеді. Ол дәнді алып бақшасына отырғызады, ал асқабақ әбден піскенде, ас әзірлемек болып асқабақты жарады.

О, ғажап! Асқабақтың ортасынан лақ етіп, алтын теңгелер шашылып кетеді. Мұны қызғаншақ көршісі көріп қалады. Келесі көктемде қызғаншақ көршісі қарлығаштың ұясынан балапанды суырып алып, аяғын сындырып, қауырсынымен байлап, ұясына қайта салып қояды.

Көктемде қарлығаш ұшып келгенде, оған да асқабақтың бір дәнін тастап кетеді. Қызғаншақ әйел асқабақ өсіріп, оның күзде пышақпен жарады. Одан қызыл жылан шығып, қызғаншақ әйелдің сазайын тарттырыпты.

Қорытынды: Ертегі қалай аталады?

Мақтап мадақтау.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Алтын дән ертегісін**Игереді:** Ертегіні мұхият тыңдайды.**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап береді.

Вариативтік компонент**Күні: 03.02.2022 жыл****Білім саласы:** Коммуникация**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Балықтар неге сөйлемейді?»**Мақсаты:** Ертегіні мұқият тындау, сұрақтарға жауап беруді үйрету.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер. Видеоролик арқылы жасату.**Негізгі бөлім:** Ертегіні тындауға шақыру.

Ерте, ерте, ертеде сиқырлы көк теңіздің астында балықтар патшалығы өмір сүріпті. Олар бір-бірімен өте тату-тәтті тұрыпты. Достықтарының, еңбексүйгіштіктерінің арқасында басқа патшалықтарға да үлгі болыпты. Барлық патшалық балықтар патшалығына қызыға қарапты. Өйткені, балықтар күндіз тынымсыз еңбек етіп, кешке көңілді сауық-сайран құрады екен. Олар теңіз бетіне шығып, әртүрлі іс-қимылдар арқылы бидің түрлі тәсілдерін көрсетіпті. Би ырғағымен әртүрлі әуендер салыпты. Сол әдетпен тағы да балықтар теңіз бетіне шығып, ән салып, би билеп думандатады. Оны естіген құбыжық теңізге келіп, шад-шадыманға бөленіп жүрген балықтарға тап беріпті. Көптеген балықтар құбыжықтың құрбаны болыпты. Ал, қалғандары теңіз астындағы өз патшалықтарына қашып құтылыпты. Бірақ, содан бері олардың ешқайсысы қатты қорыққаннан болар сөйлей алмай қалыпты. Одан кейін де қанша жылдар өтсе де, сол сөйлемеген күйі сөйлемей қала беріпті. Бірақ, балықтар сөйлемесе де бір-бірімен қанаттарының, құйрықтарының, желбезектерінің көмегімен түсінісетін болыпты. Міне, балықтардың неге сөйлемейтінінің сыры осындай оқиғалардың салдарынан ба деп ойлаймын.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Мазмұнын.**Игереді:** Балықтардың достығын.**Меңгереді:** Үлгі болуды.

Вариативтік компонент

Күні: 10.02.2022жыл

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Қу түлкі»

Мақсаты: Ертегіні мұқият тындау. Сахыналап, рөлге бөліп ойнату.

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбер.

Ақ киімді денелі ақсақалды,

Соқыр мылқау танымас тір жанды.

Үсті басы ақ қырау түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Негізгі бөлім: Ертегіні айтып, сахналаймыз.

Бір күні жолбарыс бір түлкіні ұстап алады. Түлкі құйрығын бұлаңдатып, тұмсығын жоғары көтеріп:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін, - дейді.

Жолбарыс түлкіге олай бір, былай бір қарап, сенбей:

- Мүмкін емес, — дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, - дейді түлкі.

Жолбарыс бұған келіседі. Түлкі жолбарыстың алдына түсіп, пандана жүріп отырады.

Жолбарысты көріп аңдар мен құстар зәресі ұшып, тым-тырағай қашады, ұялары мен індеріне тығылады, аспанға ұшады. Ал қу түлкі басын онан сайын көтере түсіп:

- Ал, енді көзің жеткен шығар! Менен қорықпайтын жан бар ма тірі?-деп мақтанады.

- Я, сен шынында да айбарлы екенсің,- деп алданған жолбарыс жайына кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Сахналауды.

Игереді: Жолбарыстың аңқаулығын.

Меңгереді: Түлкінің қулығын.

Вариативтік компонент

Күні: 17.02.2022 жыл.

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Екі дос пен аю»

Мақсаты: Жақсы мен жаманды ажырата білуді үйрету. ертегіні мұқият тыңдау.

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбер.

Кел балақай кеш жарық,

Келіп жүрме кеш қалып,

Кеш жарықты бастайық

Көп қызықты еске алып.

Негізгі бөлім: Ертегінің мазмұнын айтамыз балалар.

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етбетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.

Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегі мазмұнын.

Игереді: Жақсы мен жаманды ажыратуды.

Меңгереді: Досты тастап кетпеді.

Вариативтік компонент**Күні: 24.02.2022жыл****Білім саласы: Коммуникация****Бөлімі: Көркем әдебиет.****Тақырыбы: «Қорқақ қоян»****Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын білуді және қоянның иісті дыбысты жақсы сезетінін білуді меңгерту.**Көрнекілік құралдар:** Суреттер.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы қырлы жерлермен

Ытқып ытқып жүгірді.

Негізгі бөлім: Тыныш отырып ертегіні тыңдаймыз.

Ертеде орманда қайырымды қоян өмір сүріпті. Қоян кішкентай аңдарға көмектеседі. Аңдардың жоғалтқан заттарын тауып әкеп береді. Себебі, қоян иісшіл, дыбысты жақсы сезеді. Барлық аңдар қоянды жақсы көреді. Бір күні қоян орман ішінде жүгіре-жүгіре, секіре-секіре шаршап қалады. Ол өзінің қарны қатты ашығанын сезеді. Қолына дорбасын ұстап, бақшаға келеді. Қоян сәбіздің иісін тез сезеді. Өйткені қоян сәбізді жақсы көреді. Қызыл сәбіздерді суырып, асықпай дорбасына салады. Осы кезде бақшаны суарып жүрген бағбан ата қоянды байқап қалады. Ақырын келіп, қоянның дорбасына қырыққабат салады. Бағбан ата жасырынып қалады. Тықыр еткен дыбысты естіген қоян қорқып кетеді. Жан-жағына қарамайды. Қолына дорбасын алып, орманға қарай қаша жөнеледі. Осы күннен бастап, ол қорқақ қоянға айналады.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Қоянның сезгіштігін.**Игереді:** Мазмұның айтуды.**Меңгереді:** Сахналауды.

Вариативтік компонент**Күні: 03.03.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Айлакер түлкі»**Мақсаты:** Ертегіні айтып беру. Айлакер қартайған кезіндегі аңдарды айламен аулағысы келетінін түсіндіріп беру. Түлкі оның айласын қалай білгенін айтып беру.**Кіріспе бөлім:** Тілге арналған жаттығу

Аң,аң,аң аң патшасы арыстан

Яң,яң,яң секендеген қоян

Кі,кі,кі бұландаған түлкі

Негізгі бөлім: Балаларға ертегіні айтып беру.

Ертеде орманды аң патшасы арыстан басқарыпты. Күндер жылдар өте арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үнгірде жатты да:

- Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Айлакер түлкі аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үнгірден алысырақ тұрды да:

- Халіңіз қалай, тақсыр?- деп көңілін сұрады.

- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, бір азырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі:

- Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! - деп жүріп кетіпті.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Ертегі мазмұнын**Игереді:** Сахналауды**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап беруді.

Вариативтік компонент**Күні: 10.03.2022 жыл****Білім саласы: Коммуникация.****Бөлімі: Көркем әдебиет.****Тақырыбы: «Ай мен Күн»****Мақсаты:** Ертегіні мұқият тындауға шақыру.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.**Негізгі бөлім:** Ертегіні айтып беру.

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлуымен деп бірімен-бірі үнемі ұрысысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп: – Сенен мен сұлуым! - дейді. Ал Айсұлу болса:

– Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлуым! - деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастақтығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ай мен Күнді.**Игереді:** Ертегі мазмұнын айтуды.**Меңгереді:** Ай мен Күннің бір-біріне көрінбейтінін.**Вариативтік компонент Ертегілер елінде****Күні 17.03.2022 жыл****Білім саласы: Коммуникация****Бөлімі: Көркем әдебиет****Тақырыбы: «Бір үзім нан»****Мақсаты:** Ертегі мазмұнын түсіндіріп айтып беруге баулу.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.**Негізгі бөлім:** Ертегіні оқып беру.

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.

- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс - тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ертегі мазмұнын**Игереді:** Нанды қастерлеуге.**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап беруді.

Вариативтік компонент**Күні: 24.03.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Гүл».**Мақсаты:** Гүлдердің қалай көбейетінін түсіндіру.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.

Табиғатым тамаша

Көз тоймайды қараса

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Негізгі бөлім: Ертегіні айтып беру.

Баяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әр-түрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай» - деп қуанады. Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға бастапты.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ертегі мазмұнын.**Игереді:** Гүлдің көбейуін.**Меңгереді:** Жаңбырдың пайдасын.**Вариативтік компонент****Күні: 07.04.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Екі дос»**Мақсаты:** Жақсы мен жаманды ажырата білуді үйрету. ертегіні мұқият тыңдау.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.

Кел балақай кеш жарық,

Келіп жүрме кеш қалып,

Кеш жарықты бастайық

Көп қызықты еске алып.

Негізгі бөлім: Ертегінің мазмұнын айтамыз балалар.

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етбетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.

Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ертегі мазмұнын.**Игереді:** Жақсы мен жаманды ажыратуды.**Меңгереді:** Досты тастап кетпеуді.

Вариативтік компонент**Күні: 14.04.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет**Тақырыбы:** «Қасқыр мен кірпі»**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын айтып беру.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.

Бақа бақа балпақ

Басың неге жалпақ

Темір тостақ көп киіп,

Басым содан жалпақ.

Негізгі бөлім: Ертегіні айтып беру.

Орман шетінде домалаңдап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:

– Бетіңнен сүйейін деп едім, сен – ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, - деп сылтаурады.

Кірпі қылтандарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

– Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырына бастаймын, - дейді.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ертегі мазмұнын.**Игереді:** Қасқырдың озбырлығын, қомағайлығын.**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап беруді.**Вариативтік компонент:****Күні: 21.04.2022жыл****Білім саласы:** Коммуникация.**Бөлімі:** Көркем әдебиет.**Тақырыбы:** «Тышқан мен жылан»**Мақсаты:** Ертегіні мұқият тыңдауға баулу және мазмұнын балаларға айтқызу.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.**Негізгі бөлім:** Ертегіні айтып беру.

Бір тышқан тамақ аулап, ініне қайтып келсе, онда бір жылан жатыр екен. Тышқан мұнан жаман қорқып, қуып шығаруға батпай, ақыл сұрай, өзінің қайғысын айтқалы көршілеріне барады.

Ақылды тышқандар жиылысып отырып, кеңесін айтыпты:

- Сен ол інді тастап, өзге ін қазып ал. Жылан сенің ініңді тартып алғаны әділдік емес, бірақ оған қылар еш айла жоқ. Оған тиіп не қыласың? Мазасын ала берсең, өзіңді жеп қояды, оған ештеңе қыла алмайсың.

Тышқан бейшара қайғырса да, үндемей қойыпты. Бірақ қалай кегін алуды ойлайды.

Бір күні сейілдеп келе жатса, інінің аузында жыланның күн шуақта жылынып жатқанын көріпті. Жанында бір кісі ұйықтап жатыр екен. Тышқан барып оның мұрнын тістеп алып, жыланға қарай тұра қашыпты. Кісі оянып, тұра қуады. Қараса, алдында жатқан жыланды көреді. Тышқаннан мұның зияны көбірек болған соң, кісі жыланды өлтіруге алданып қалыпты да, тышқанды қоя беріпті.

Сөйтіп, кегі қайтқан тышқан өз ініне келіп тұрыпты.

Күтілетін нәтиже:**Біледі:** Ертегі мазмұнын.**Игереді:** Тыңдауды.**Меңгереді:** Сұрақтарға жауап беруді.

Вариативтік компонент**Күні: 28.04.2022жыл****Білім саласы: Коммуникация****Бөлімі: Көркем әдебиет****Тақырыбы: «Алтын балта»****Мақсаты:** Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын айтуға және өтірік сөйлемге үйрету.**Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбер**

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз

Күні бойы қызыққа,

Батамызда қаламыз.

Негізгі бөлім: Алтын балта ертегісін оқып беру.

Ертеде бай мен кедей көрші болады. Кедей диірменге барса, байдын балтасын сұрап алады. Бір күні кедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Диірменші екінші рет қолын салғанда, күміс балтаны алып шығады. Сонда диірменші оған «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Сонда диірменші үшінші қолын салғанда бір ағаш балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Сонда кедей «Иә, осы менің балтам» дейді. Сонда диірменші «Пейілің таза адам екенсің. Сондықтан мына алтын балтаны ал!» дейді. Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді. Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіргенін айтады. Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді. Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады. Ол байдан «Мынау ма сенің балтаң?» дейді. Сонда бай «Менің балтам!» дейді. Диірменші оған «Өтірік айтпа, мынау сенің балтаң емес!» деп өзінің ағаш балтасын береді.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Мазмұнын**Игереді:** Тыңдауды**Меңгереді:** Өтірік айтпауды.

Вариативтік компонент:**Күні: 05.05.2022жыл**

Білім саласы: Коммуникация

Бөлімі: Көркем әдебиет.**Тақырыбы: «Құмырсқа»****Мақсаты:** "Құмырсқа" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұның түсіндіру **Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер.

Ақ киімді денелі ақсақалды,

Соқыр мылқау танымас тір жанды.

Үсті басы ақ қырау түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Негізгі бөлім:

Бір құмырсқа өз илеуінде тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмапты. Сонан соң көмек сұрау үшін әлгі қанатты достарын іздейді. Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады. – Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді.

– Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қойыпты. Солайы солай ғой, мейлі деп, құмырсқа әрі жүріп кетіпті. Ол енді қоңызды тауып алады. Ол мән-жайды айтып, көмек сұрапты– Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызындап ұшып кете барады.

Достарынан күдер үзген құмырсқа мұңайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:

– Не істеп жүрсің? – деп, жөнін сұрайды.

Жалғыз құмырсқа өзінің басынан кешкенін айтып береді:

– Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері жұбатады да құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді. Құмырсқа үйіріне қайта қосылады.

Қорытынды :

- Жарайсыңдар, балалар құмырсқа илеуіне оралуына көмектестіңдер.

Вариативтік компонент:**Күні: 12.05.2022жыл.**

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.**Тақырыбы: «Қорқақ қоян»****Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын білуді және қоянның иісті дыбысты жақсы сезетінін білуді меңгерту.**Көрнекілік құралдар:** Суреттер.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы қырлы жерлермен

Ытқып ытқып жүгірді.

Негізгі бөлім: Тыныш отырып ертегіні тыңдаймыз.

Ертеде орманда қайырымды қоян өмір сүріпті. Қоян кішкентай аңдарға көмектеседі. Аңдардың жоғалтқан заттарын тауып әкеп береді. Себебі, қоян иісшіл, дыбысты жақсы сезеді. Барлық аңдар қоянды жақсы көреді. Бір күні қоян орман ішінде жүгіре-жүгіре, секіре-секіре шаршап қалады. Ол өзінің қарны қатты ашығанын сезеді. Қолына дорбасын ұстап, бақшаға келеді. Қоян сәбіздің иісін тез сезеді. Өйткені қоян сәбізді жақсы көреді. Қызыл сәбіздерді суырып, асықпай дорбасына салады. Осы кезде бақшаны суарып жүрген бағбан ата қоянды байқап қалады. Ақырын келіп, қоянның дорбасына қырыққабат салады. Бағбан ата жасырынып қалады. Тықыр еткен дыбысты естіген қоян қорқып кетеді. Жан-жағына қарамайды. Қолына дорбасын алып, орманға қарай қаша жөнеледі. Осы күннен бастап, ол қорқақ қоянға айналады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қоянның сезгіштігін.

Игереді: Мазмұнынын айтуды.

Меңгереді: Сахналауды.

Вариативтік компонент

Күні:19.05.2022жыл.

Білім саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Арыстан мен түлкі»

Мақсаты: Ертегіні айтып беру. Арыстанның қартайған кезіндегі аңдарды айламен аулағысы келетінін түсіндіріп беру. Түлкі оның айласын қалай білгенің айтып беру.

Кіріспе бөлім: Тілге арналған жаттығу

Ан,ан,ан ан патшасы арыстан

Ян,ян,ян секендеген қоян

Кі,кі,кі бұландаған түлкі

Негізгі бөлім: Балаларға ертегіні айтып беру.

Ертеде орманды аң патшасы арыстан басқарыпты. Күндер жылдар өте арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:

- Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

- Халіңіз қалай, тақсыр?- деп көңілін сұрады.

- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, бір азырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі:

- Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! - деп жүріп кетіпті.

Күтілетін нәтиже

Біледі: Ертегі мазмұнын

Игереді: Сахналауды

Меңгереді:Сұрақтарға жауап беруді.

Вариативтік компонент**Күні: 26.05.2022жыл****Білім саласы: Коммуникация.****Бөлімі: Көркем әдебиет.****Тақырыбы: «Қасық пен Айыр»****Мақсаты:** Ертегіні мұқият тыңдауға мазмұныны айтып беруге үйрету.**Кіріспе бөлім:** Шаттық шеңбер

Балалар бір-біріне жылулық сыйлайды.

Негізгі бөлім: Қасық пен Айыр ертегісін айтып беру.

Ертеде Қасық пен Айыр өмір сүріпті. Қасық өте ерке, мақтаншақ, ал Айыр өте салмақты да ақылды болыпты. Бір күні Қасық Айырды қонаққа шақырыпты. Ол Айырдың сорпа іше алмайтынын біліп, әдейі сорпа дайындаған екен.

- Мен сұйықты да, қоюды да, тіпті шайды да іше аламын,- депті Қасық. Қарны ашып келген Айыр:

- Сен мені қонаққа шақырған соң, үйімнен нәр татпай келген едім, жақсы, ендеше мен жүрейін деп, ренжімегенін айтады. Ертеңгісін Қасыққа сен маған қонаққа кел деген екен. Ол досына дәмді етіп лағман дайындапты. Қасық досының мырзалығын көріп, шын көңілмен дайындаған дастарханға толы тамағына көзі түсіп, қатты ұялған екен. Тіпті тамақты жеуге ар-ұяты бармапты. Айыр:

-Еее, достым, мен білемін неге тамақ ішпей отырғаныңды, ал ұялма, мен саған түк те ренішім жоқ, екеуіміз нағыз достар емеспіз бе, күнде бір-бірімізді көреміз, сырымызбен шүйіркелесеміз, нағыз достар бір-біріне ренжімеу керек,- деген екен. Содан соң өзінің қателігін түсінген Қасық досынан кешірім сұрап, оған достық қолын беріпті. Осы күнге дейін екеуі бірге жүреді екен.

Күтілетін нәтиже**Біледі:** Мұқият тыңдауды.**Игереді:** Мазмұнын айтуды**Меңгереді:** Ертегіні сахналауды.

«Дана» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін

Менгеруші Ж. Арынбаева

Вариативтік компонент
Ортаңғы «Көгершін» тобы

Тәрбиешілер: Д.Давранова

А.Тлеуова

2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту.

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1. «Сиқырлы қапшық» 2. «Үйдің есігін жабайық» 3. «Қодымда не бар» 4. «Әдемі кілемшелер»	1 1 1 1
Қазан	1. «Өз үйңді тап» 2. «Жемістерді жина» 3. «Көп және біреу» 4. «Вагондарға дөңгелек таңдау»	1 1 1 1
Қараша	1. «Үй құрылысының ретін көрсет» 2. «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» 3. «Мынау қай пішін?» 4. «Кім тез жинайды.» 5. «Қоянға көмектес»	1 1 1 1 1
Желтоқсан	1. «Біркелкі пішіндерді сана» 2. «Сиқырлы қалта» 3. Сыңарыңды тап» 4. «Өз орныңды тап»	1 1 1 1
Қаңтар	1. «Көрпені жамауға көмектес!» 2. «Жануарларды орналастыр» 3. «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»	1 1 1
Ақпан	1. «Сол жақ па, оң жақ па?» 2. «Не? Қайда?» 3. «Не өзгерді?» 4. «Жоғары-төмен лақтыр!»	1 1 1 1
Наурыз	1. «Ұқсас затты тап». 2. «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» 3. «Біреуі артық»	1 1 1
Сәуір	1. «Сипап сезу арқылы санау» 2. «Таныс пішіндер доминосы» 3. «Зат неге ұқсайды?» 4. «Әдемі гүлдер»	1 1 1 1
Мамыр	1. «Үлкен-кіші» 2. « Дәл осындай пішінді тап» 3. «Сөзді керісінше ата» 4. «Үстел үстіндегі ойын» 5. «Шарлар»	1 1 1 1 1
Барлағы		36

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 07.09.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі: «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сиқырлы қапшық»

Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 14.09.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту

Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 21.09.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Қодымда не бар»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату.

Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 28.09.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 05.10.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Өз үйінді тап»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау.

Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 12.10.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Жемістерді жина»

Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту

Шарты: Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге, орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады.

Көрнекілігі : 3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 19.10.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Көп және біреу»

Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Ресурстар: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа топтастыра алады

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 26.10.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Ресурстар: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен тауып орналастыра алады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 02.11.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Үй құрылысының ретін көрсет»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту

Ресурстар: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын барысы: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыра алады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 09.11.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Ресурстар: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.

Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесе алады. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті таба алады. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдей алады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 16.11.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Мынау қай пішін?»

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 23.11.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Кім тез жинайды»

Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 30.11.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Қоянға көмектес»

Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.

Ойын шарты: Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздерінді жұмындар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына сандарды қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулерің керек. Тапқан баланың еңбегі бағаланып отырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 07.12.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Біркелкі пішіндерді сана»

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)

Ойын барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 14.12.2021жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сиқырлы қалта»

Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үрету.

Тәрбиеші балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-3) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандығын анықтайды.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 21.12.2021 жыл

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сыңарыңды тап»

Мақсаты: Балаларды әсемдік әлемін танып білуге үйрету, гүлдер туралы толық түсінік беру. Гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеу, түстерді айыруға үйрету.

Ойынның барысы:

Балалар екі топқа бөлінеді. Балалардың қолдарында гүлдердің суреттері. Балалар өз суреттерін екінші топтан табу керек, қолдарынан ұстап, алға шығып, гүл туралы айту керек, (гүлдің аты, түсі т.б.)

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 28.12.2021 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Өз орныңды тап»

Мақсаты: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.

Тәрбиеші балаларға 0-ден 3-ке дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады. Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс тапқандықтарын тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 11.01.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Көрпені жамауға көмектес!»

Ойын шарты: Геометриялық пішіндермен таныстыру. Геометриялық пішіндерді орналасқан орны бойынша таба білу. Ойын шарты: пішіндер арқылы бос орындарды жабу.

Барысы: Баяғзы заманда Буратино өмір сүріпті. Кереуетінің үстінде әдемі қызыл түсті көрпесі болыпты. Бір күні «Қарабас-Барабас» театрына кеткенде, үйіндегі Шушара атты тышқан осы уақытта көрпені кеміріп, тесік қалдырады. Енді, қанша тесік қалғанын сана және сәйкесінше пішіндерден тауып Буратиноға көрпені жамауға көмектес. «Шатасқан суретші»

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalik-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 18.01.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Жануарларды орналастыр»

Мақсаты: : Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.

5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.

- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтиінді орналастыр.
- Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр.
- Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр.
- Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.
- Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме?
- Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіндер.
- Неше аң? Цифрмен көрсетіндер.
- Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе?
- Аңдардың қайсысы артық? Неге?

Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 25.01.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын бекіту; пішіндер атауын білу, үйрену; 4 үшбұрыштан үйшік құрастыра білу (шаршыдан жасалған), салыстыру; ұзындықтарын ажырату.

Ұзын құлақты,

Қысқа құйрықты

Сәбіз-оның сүйікті асы

Секендейді ұқыпты. (Қоян)

Әңгімелеу. Бүгін бізге жүгіріп қоян келді. Ол өте қатты тоңып қалыпты және сендерден өздерінде бар (4 үшбұрыштан) пішіндерден кішкентай үйшік жасап беруін сұрайды. Қане, ендеше балалар, қоянға көмектесейік.

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 01.02.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сол жақ па, оң жақ па?»

Ойын шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлініп тұрады. Белгі берілгенде екі жақ қарама-қарсы бағытқа қарай жүреді. «Солға», «оңға» деген бағыт айтылғанда ойыншылар осы бағытқа бұрылып тоқтайды. Кім шатасса, сол ойыннан шығады, ойын одан әрі жалғасады. Қарсы топтағы ойыншыларды азайтқан топ жеңіске жетеді.

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 08.02.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Не? Қайда?»

Ойын шарты: Балалар шеңбер құрады. Педагог шеңбер ортасында тұрады. Кез келген балаға допты лақтырып, сұрайды:

— «Сенің сол жағыңда кім тұр?» Дұрыс жауап берген бала шеңбер ортасында жүргізуші болады және ойын жалғасады (кұлақтарына сыбырлап айтуына болады).

Сұрақтар:

-Сенің оң жағыңда кім бар?

-Сенің алдыңда не тұр?

-Сенен кейін кім тұр?

-Анау бала оң жағыңда ма әлде сол жағыңда ма?

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 15.02.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Не өзгерді?»

Ойын шарты: Сандарды қойып, балалар көздерін жұмған сәтте 1 цифрды алып тастаймыз. Карточкамен жұмыс. Оң және сол қолды кезегімен көтеру керек. Сол қолыңды сол жақтағы, оң қолыңды оң жақтағы жемісті алып, оңға қарай қой. Жоғарыда қанша таяқша болса, сонша құлпынай қой. Төменге саны дәл сондай алмұрт қой.

-Қай жеміс көп?

-Қайсысы аз?

-Бірдей болу үшін қалай теңестіреміз?

-Қайсысына қай цифр қоямыз?

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 22.02.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Жоғары-төмен лақтыр!»

Ойын шарты: Жүргізуші алдымен, допты сәл жоғары лақтырып, қағып алады.

Тапсырма: «Жоғары лақтыр!». Бала допты жоғары лақтырады. Балалар допты одан да жоғары-жоғары лақтыр (немесе «төмен лақтыр!») – деп айтады.

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 01.03.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Ұқсас затты тап».

Мақсаты: Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелекке ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету. Баланың түстерді, пішінді ажыратудағы ой-қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер, суреттер.

Ойын барысы: Тәрбиеші үш түрлі пішіндерді көрсетіп, аттарын сұрайды. Оларды атаған соң, түстерін сұрайды. Бұдан кейін балаларға тапсырма береді. Тәрбиеші: - Таратып берілген суреттерге қарандар, мен үшбұрышты көрсетемін, соған ұқсас сурет тауып көрсетіндер. (тіктөртбұрышты көрсетеді, дөңгелекті көрсетеді). Балалар өздеріндегі ұқсас затты көрсеткенде, олардан не екенін, түр-түсін сипаттап айтуды талап етеді. (Үшбұрыш сызғыш, үйдің төбесі). Топ бөлмесінде үшбұрышқа ұқсас зат бар ма?

Тік төртбұрыш: кітап, терезе, есік т.б.

Дөңгелек: доп, алма, шар т.б.

Суреттегі заттар жайында кімнің қандай өлең, тақпақтар, жұмбақтар білетінін сұрау. Енді балаларды үш топқа бөліп, үш түрлі пішінді таратып береді. “Өз орныңды тап” қимылды ойыны ұйымдастырылады. Балалар жиналатын орындағы пішіндер көлемі жағынан қолындағыларынан үлкен болады. Ойын аяқталған соң балалардың іс-әрекетін бекітіп, талдау жасайды.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 15.03.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»

Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту

Барысы: Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады.

Көрнекілігі: Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 29.03.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Біреуі артық»

Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету.

Барысы: Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 05.04.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сипап сезу арқылы санау»

Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.

Барысы: Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (2 кірпіш, 3 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 12.04.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру

Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Ойынның көрнекілігі: Пішіндер бейнеленген суреттер.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 19.04.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Зат неге ұқсайды?»

- Буратиноның үйіндегі қандай заттар тіктөрбұрышқа ұқсайды?

- Міне, барлық қонақтар мерекелік дастарқан басына жиналды. Кім Буратиноға жақын отыр?

- Кім Буратинодан алыс отыр?

- Кім Карабас-Барабасқа жақын отыр?

- Кім Карабас-Барабастан алыс отыр?

Үлестірмелі материалмен жұмыс.

- Паровозда неше тіктөрбұрыш және дөңгелек бар? Не артық?

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 26.04.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»

Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту

Ойынның мазмұны: Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» -деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады

Көрнекілігі: Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 03.05.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Үлкен-кіші»

Ойын шарты: Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар (текшенің ең кішкентайынан үлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен қояды). Керісінше: Үлкен текшеге – кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек.

Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 11.05.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Дәл осындай пішінді тап»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал - жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну.

Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 17.05.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Сөзді керісінше ата»

Мақсаты: Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту.

Барысы: Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен, аз – көп, қалыңырақ – жұқарақ, ұзынырақ – қысқарақ, кеңірек – тарырақ, т.б.

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 24.05.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі; «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Үстел үстіндегі ойын»

Ойын шарты: Балалар екі-екіден отырады. Оның алдында үшбұрыш пішіндер бар. Қандай пішін? Нешеу? Бұл пішін қалай аталады?

Жұмбақ: Жазда да, қыста да,
Үнемі бір түсте. (Шырша)

Балалар үлгіге қарап, шыршаны берілген үшбұрыштардан құрастырады.
Дерек көзі: <https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/didaktikalyk-ojyндar-zhinagy/>

Вариативтік компонент: «Дидактикалық ойындар»

Күні: 31.05.2022 жыл.

Білім саласы: «Таным»

Бөлімі: «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Шарлар»

Мақсаты: Негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) ажырату және атау, фигураның өлшемін бекіту және атау қабілеттерін дамыту; ұқсастықтар мен айырмашылықтардың белгілерін тауып, сөйлеу барысында көрсете отырып, геометриялық фигураларды түсі мен өлшемі бойынша салыстыруға үйрету; саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.

Материал: Шарлар түсі мен өлшемі бойынша, ленталар ені мен түсі бойынша әр түрлі.

Ойын барысы: Балалар бізге бүгін «Катя» қуыршағы қонаққа келді. Ол сенімен ойнағысы келеді. Катя бізге сиқырлы сандықпен келді. Қорапта не бар екенін көрейік.

Қараңызшы, мұнда шарлар бар!

Қандай шарлар?

Түстер қандай?

Балалар шарларды қарап, түсі мен көлемін атайды.

- «Шарларды түсіне қарай орналастыру»

- « Барлық үлкен шарларды жинаңыз (кішкентай, орташа) «

- « Барлық қызыл (сары, көк, жасыл) шарларды табыңыз.

Міне, қуыршақ Катя бізге әдемі ленталар әкелген. Таспалар қарастырылады, балалар түсін, көлемін атайды (ұзын, қысқа). Әрбір шарды түрлі-түсті және өлшемді лентамен сәйкестендіріңіз.